

Испания Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1762

"Австрия Республикасында, Испания Корольдігінде, Малайзияда, Түркменстанда, Жапонияда Қазақстан Республикасының Елшіліктерін ашу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 5 желтоқсандағы N 3255 U963255_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Испания Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат саны 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап 15 адам болып бекітілсін.
 2. Испания Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшісіне лауазымдық шетел валютасымен жалақысы 3100 АҚШ доллары мөлшерінде белгіленсін.
- Елшілік қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары Қазақстан

Республикасы Елшісінің шетел валютасындағы жалақысын негізге ала отырып, штат кестесіне сәйкес белгіленсін.

3. Елшілік қызметкерлеріне медициналық көмек көрсетуге аударым олардың шетел валютасындағы еңбек ақысының 3 проценті мөлшерінде белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қаржы министрлігінің келісімі бойынша Испания Корольдігіндегі Қазақстан Республикасы Елшілігінің штат кестесі мен шығыстар сметасын бекітсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары